

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖОСПАРЫ

Қоңыртөбе ауылы
2023-2024 оқу жылы

ТУРКИСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ
«№ 49 «ҚОҢЫРТӨБЕ»
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА № 49 «КОНЫРТӨБЕ»»
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160921 Түркістан облысы
Келес ауданы, Қоңыртөбе ауылы
тел: 7-82-01.

160921 Туркестанская область
Келесский район, село Коныртөбе

Бұйрық

№183

Приказ

12.10.2023ж

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау»
орталығын құру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік
Кенесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;

2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне
директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Айткуловқа бекітілсін;

3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге
асырылуы әлеуметтік педагог А.Жарилкасиновқа, мектеп психологі
Ж.Аширбаевқа және 1-9 сынып жетекшілеріне жүктелсін;

4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын
жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік
ұсынымдағы № 1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау
бағдарламасы» негізге алынсын;

5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына
сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.

6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ
жариялау А.Бейсенбаевқа жүктелсін;

7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық»
мектебі құрылсын.

7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Әкелер» және «Әжелер» ақыл-
кеңес, үлгісі енгізілсін;

7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі Г.Бейсенбаева бекітілсін;

7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары Д.Айткуловқа жүктелсін;

Негізі: «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кенесінің 2023
жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасы

Мектеп директорының м.у.а:

Б.Ешенкулов



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ
«№ 49 «ҚОҢЫРТӨБЕ»
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА № 49 «КОНЫРТӨБЕ»»
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

160921 Түркістан облысы
Келес ауданы, Қоңыртөбе ауылы
тел: 7-82-01.

160921 Туркестанская область
Келесский район, село Кыныртөбе

Бұйрық

№182

Приказ

11.10.2023ж

**Мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау
бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру туралы**

Келес аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 бұйрығын және ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасына және Келес аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 бұйрығы сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында «№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (бұдан әрі – Орталық) бойынша қызмет ұйымдастырылсын.

1. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:

- Бағдарламаны іске асыру қызметіне басшылық жасап, бақылауды жүзеге асыруды өзіме қалдырамын;
- Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруды және Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті регламенттейтін ішкі құжаттарды дайындауды; Бағдарлама бойынша сабақтар өткізуге педагогтерді даярлауды; педагогтерге білім беру курстарын бекітуді; «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруды; педагогтердің, ата-аналар мен балалардың мониторингке қатысуын, Бағдарламаны БАҚ және әлеуметтік желілерде іске асыру жөніндегі қызметті ілгерілетуді қамтамасыз етуді; ауданның білім бөлімі үшін Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат дайындауды мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Айтқұловқа жүктелсін;
- Мектептің жауапты педагогтеріне кабинеттерді бекітуді, ата-аналармен сабақ өткізуге арналған жабдықтармен жарақтандыруды жүзеге асыруды, Бағдарламаны іске асыру және сабақ өткізу кезінде бөгде адамдарды мектепке жібермеу жөніндегі қызмет барысында мектеп оқушыларының санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша техникалық персоналдың, вахтерлердің, күзетшілердің жауапкершілігін арттыру үшін жауап беруді директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Т.Кеншинбаевқа жүктелсін;

- Педагогтер мен сынып жетекшілерді ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етуді мектеп кітапханашысы Ш.Оспановаға жүктелсін.

2. «Даналық мектебі» клубы мен Бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашыл педагогтердің құрамы анықталып, жұмыс тобы бекітілсін.

3. 2023-2024 оқу жылына арналған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына» түзетулер енгізіліп, *(ата-аналарды оқыту бағдарламасының тақырыбын таңдау және әзірлеу, сапалы мазмұн жасау және оларды мектептің педагогикалық кеңесінде бекіту мүмкіндігі)* бекітілсін.

4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру арқылы «Мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы» жаңа бағытын құра отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына Бағдарламаны іске асыру қосылсын.

5. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Ережепова мектепшілік бақылау жоспарының тарауларына Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып толықтырулар енгізісін және ата-аналарға білім беру бағдарламасының вариативті компонентінің мазмұнын әзірлеуде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді жүзеге асырсын.

7. Сынып жетекшілері ата-аналардың Бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесін жарияласын.

8. Мектеп әкімшілігі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асырсын, бірлескен табысты тәжірибені насихаттап, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің өзін-өзі басқаруын, мектептің Қамқоршылық кеңесін, әлеуметтік әріптестерді, демеушілерді тартсын.

9. Мектеп әкімшілігі мен жұмыс тобы тәжірибе алмасу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін Бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шарамен (ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары және т.б., облыстық және республикалық ата-аналар форумына қатысу) аяқталуын қамтамасыз етсін.

10. Ссы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Келес аудандық білім бөлімінің 10.10.2023 жылғы №188 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасы

Мектеп директорының м.у.а.

Б.Ешенкулов



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директорының м.у.а:

Б.Бейсенбаев

«№ 49 «Қоңыртөбе» орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫНЫҢ 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар ЖОСПАРЫ

№	Тақырыбы/формат	Мазмұны	Клуб	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер (Алқалы жиын (дөңгелек үстел))	Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.	Аталар мектебі	Д. Айтқұлов	қазан
2.	Ертегі – танымның көзі (интерактивті сабақ)	Әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жап-жақты ашып, отбасында ертегінің тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.	Әжелер мектебі	Г.Бейсенбаева	қараша
3.	Ағасы бардың – жағасы бар (дискуссия)	Ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру.	Ағалар мектебі	А.Бейсенбаев	Желтоқсан
4.	Қыз ғұмырдың құпиялары (дискуссия)	Жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.	Женгелер мектебі	А.Мусабекова	Қаңтар
5.	Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет (Әдебиет үйірмесі, дискуссия)	Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау.	Аталар мектебі	Д.Айтқұлов	Ақпан
6.	Ырым-тыйым – әдептілік негізі (Дөңгелек үстел)	Халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау	Әжелер мектебі	Г.Бейсенбаева	Наурыз
7.	Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі (кездесу)	Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.	Ағалар мектебі	А.Бейсенбаев	Сәуір
8.	Қыздар білуге тиіс... (интерактивті сабақ)	Қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жангелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.	Женгелер мектебі	А.Мусабекова	Мамыр

ДТЖО:

А.Бейсенбаев

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директорының м.у.а:

Б.Ешенкулов

«№49 «Қоныртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (бұдан әрі – Орталық) бойынша түзілген
жұмысшы топ мүшелерінің функционалды жауапкершілікті
2023-2024 оқу жылы

№	Аты-жөні	Функционалды міндеттері	Таныстым
1	Б.Ешенкулов	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын» іске асыру қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады; Бағдарламаны іске асыру мен «Даналық мектебі» клубының қызметіне ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық тұрғыда қолдауды қамтамасыз етеді; позитивті ата-ана болу мәдениетін арттырудағы әлеуметтік серіктестікті дамытады; ата-аналарға арналған курстарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында ақпараттық науқан ұйымдастырады.	
2	Д.Айтқұлов А.Бейсенбаев	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін реттейтін ішкі құжаттарды дайындайды және Бағдарламаны іске асыру қызметін ұйымдастырады; педагогтердің Бағдарлама бойынша сабақ өткізуге дайындығын жүзеге асырады; педагогтер арасында білім беру курсының сабақтарын реттейді; «Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастырады; сабақтардың кестесін құрады және реттейді; мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың қатысуын қамтамасыз етеді; Бағдарламаны іске асыру қызметі туралы ақпараттарды қалалық (аудандық) білім бөлімдеріне дайындайды; Бағдарламаны іске асыру аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды; ата-аналарға арналған курстарды өткізу үшін педагогтерді оқытуды ұйымдастырады.	
3	А.Бейсенбаев Ж.Аширбаев	Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді; Бағдарлама бойынша сабақтар өткізу үшін тренингтер, workshop, коучинг сессияларын және басқа да нысандарды өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді; Бағдарламаны іске асыру қызметін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде насихаттайды;	
4	Г.Бейсенбаева	Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды тарту үшін педагогтер және ата-аналармен ынтымақтастықты орнатады; әлеуметтік серіктестердің қатысуына ықпал етеді және бағдарламаның мақсаттары мен міндет-терің шағын учаскеде, қоғамда насихаттайды; «Даналық» мектебіне жетекшілік етеді.	
5	Сынып жетекшілер	Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды қатыстыруды қамтамасыз етеді; Бағдарламаны іске асыру үшін ата-аналармен ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді; іс-шаралардың бекітілген жоспар мен сабақ кестесіне сәйкес өтуін қамтамасыз етеді	

ДТЖО:

А.Бейсенбаев

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Тақырыбы	Мазмұны
1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ		
1.	Отбасы – бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты – бақытты адам тәрбиелеу	1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері
2.	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Ауру қалса да, әдет қалмайды. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.
4.	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.
5.	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т.б.

6.	Сенім арту – жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала 3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену
7.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.
8.	Тәліммен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі. 2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы. 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер. 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы

5–9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері. 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету. 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту. 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары. 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық.
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті – жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі. 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар. 3. Өзінді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәмеппе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері. 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

		5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.
3.	Балаға үйрету: ақылынды мейірімге орап бер	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары. 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі. 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер. 4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары. 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты – кешіре білу.
4.	Бұлақ көрсең, көзін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері. 2. Ертегі ойлап табуға үйрету. 3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы. 4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру. 5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.
5.	Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары. 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері. 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі. 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері. 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті.
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары. 2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері. 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі. 4. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Өзін-өзі реттеу жолдары. 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.
7.	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық. 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері. 3. Жасөспірімдер арасындағы қатығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы. 4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары. 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі.

8.	Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына Құндылықтар – отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі. 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық – отбасы құндылықтарының негізі. 3. «Мейірімді ата – Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиеті – отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану. 5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы.
----	---	--

10–11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері
2.	Көркем мінез – баға жетпес байлық	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер
3.	Сен жанбасаң лапылдап...	1. Кәсіп – өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. <i>Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу – өмірдегі бақыт пен табыстың негізі
4.	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі
5.	Жақсыдан кашпа, жаманға баспа...	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы

		4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті
6.	Күйзелістен шығар жол	1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стресстен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу – тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады
8.	Атадан өсиет, анадан қасиет	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе – қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.у.а:

Б.Ешенкулов

«№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмысын жүргізу мақсатында құрылған педагогтерден тұратын шығармашылық жұмыс тобы кестесі

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Б.Ешенкулов	Мектеп директор
2	Д.Айткулов А.Бейсенбаев	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
3	Г.Бейсенбаева	Педагог-психолог
4	А.Жарылкасинов	Әлеуметтік педагог
5	Сынып жетекшілер	1-11 сынып жетекшілер

ДТЖО:

Д.Айткулов